



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Әдебиеттер тізімі:

1. Игошев Б.М. Системно-интегративная организация подготовки профессионально мобильных педагогов: Дисс...д-ра пед. наук М., 2008. 394 с.
2. Пригожин А.И. Нововведения: стимулы и препятствия. Социальные проблемы инноватики. М., 1989. с. 192
3. Шишов С.Е. Понятия компетенции в контексте проблемы качества образования. «Государства и образования, 2002 г.»
4. Тренерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012., 6–7 бб
5. zkoipk.kz

ӘОЖ 373

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ АЯСЫНДА МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

*Игусинова Жанна Серикбаевна
математика пәні мұғалімі
Әулиекөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің
Көктал жалпы білім беретін мектебі
Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы
Көктал ауылы, Қазақстан
E-mail: zhanna2501@mail.ru*

Андатпа

Автор Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық ой-пікірлері бүгінгі таңда мектебімізде ұстаздардың іс-тәжірибесінде көрініс беріп келе жатқанын баяндайды. Жаңартылған білім аясында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануда ағартушының педагогикалық идеясын сабағымда байланыстырып отырамын деп сөз етеді. Ыбырай Алтынсарин айтқандай, жас ұрпақты жан – жақты жетілген, парасатты, ой – өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеуде мұғалімнің инновациялық әдісті тиімді пайдалануы маңызды деп тұжырым жасайды. Сапалы білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияның ұтымды тұстарын ашып көрсетеді. Ағартушының тиімді тәсілдерін оңтайлы тәжірибесінде қолдана білген.

Кілтті сөздер: ақпараттық, заманауи, идея, жас ұрпақ, өміршең.

Аннотация

Автор рассказывает, что педагогические размышления Ыбырая Алтынсарина сегодня отражаются в практике педагогов нашей школы. При использовании информационно-коммуникационных технологий в рамках обновленного образования, утверждает, что связывает педагогическую идею просветителя на своем уроке. Как отметил Ыбырай Алтынсарин, в воспитании подрастающего поколения всесторонне зрелыми, рассудительными, высокоразумными, конкурентоспособными гражданами, важно эффективное использование учителем инновационного метода. Автор раскрывает тонкости информационно-коммуникационных технологий в качественном образовании. Умело применяет эффективные подходы просветителя в оптимальной практике.

Ключевые слова: информативный, современный, идея, молодое поколение, жизнеспособный.

Abstract

The author says that the pedagogical reflections of Ybyray Altynsarin are reflected in the practice of teachers of our school today. When using information and communication technologies in the framework of updated education, the author claims that she connects the pedagogical idea of the educator in his lesson. As Ybyray Altynsarin noted, in the upbringing of the younger generation as comprehensively mature, prudent, highly intelligent, competitive citizens, it is important for the teacher to use the innovative method effectively. The author reveals the subtleties of information and communication technologies in quality education. Skillfully applies effective approaches of the educator in optimal practice.

Key words: informative, modern, idea, young generation, viable.

Заман талабына сай математика пәнін инновациялық технологияларды кеңінен қолдану міндетімізге айналды. Осы орайда қазіргі таңда мен өз тәжірибемде ақпараттық-коммуникациялық технология аясында оқушыларға математика сабағында электрондық оқулықты пайдаланып келемін. Онда әр тарауда тақырыптың мазмұны, заңдары мен анықтамалары, түсініктеме сөздігі мен қазақша – орысша сөздік, кестелер, ғалымдардың өмірбаяндары, жаттығулар мен есептер, бақылау жұмыстары қамтылған.

Жаңартылған білім аясында математика пәнінің оқыту барысында инновациялық әдіс түрлерін тиімді пайдаланамын. «Ыбырай оқулары» атты тақырыпта мақала жазуда мен ағартушының педагогикалық жүйесін сабағымда қалай ұтымды пайдаланып жүрмін, осы тұрғыда оңтайлы тәжірибемді ортаға салғым келді. Өз дәуірінде Ыбырай Алтынсариннің: «Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден

мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды» дегенәсиетін ұстанымыма айналдырып, математика пәнінің мұғалімі ретінде өз үлесімді қосып келемін [1].

Осы орайдапән мұғалімі ретінде менің көкейіме «Қазіргі таңда заманауи әдістерді ұтымды қолданып жүрмін бе?» деген сұрақ ұялайды. Сондықтан өзімнің тәжірибемде әдіс–тәсілді қолдануды Ыбырай Алтынсаринніңеңбектеріне сүйенемін. [2] Автор жалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге» принципін ұстанып, білім беру бағдарындағы ерекшелігін нақтылаған. Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлердің «Дамыта оқыту» технологиясы, «Болжау» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерін сабағымда қолдана отырып, өткенге көз жүгіртсем, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ыбырай Алтынсаринніңеңбегінен бастау алыпты. Дәл қазіргі сәттеұлт ұстазының ұстанған педогогикалық жүйесі жаңа білім аясындамектебіміздің игілігіне жарап отыр. Сонымен қатар дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «білім алушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Бүгінгі күні күнделікті сабағымда электрондық оқулықтар мен компьютерлік оқу–әдістемелік құралдарды өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар зерттеуге құштар, өзі белсенді жеке жұмыс істей алады. Пән мұғалімі ретінде менің жұмысымдыжеңілдетіп, оқушыны жалқаулықтан құтқарады. Тараудағы оқу материалдары бойыншаберілген анимациялық тәжірибелер оқушыларға математикалық құбылыстардыкөрсете отырып, түсіндіруге ыңғайлы. Сонымен қатар тақырыпты қорытындылау үшін тест сұрақтары берілген. Бұл тест сұрақтарыныңнәтижесі әр оқушыға жауап беру деңгейіне қарай пайыздық көрсеткішпен бағаланып беріледі. Бұл әдіс оқушының білімін көтеруге, сабаққа ынтасын қалыптастыруға оң әсер ететіндігі сөзсіз. Электрондық оқулықтың бағалық – нәтижелік бөлігі тесттер арқылы жүзеге асады. Тест сұрақтарына жауап бергеннен кейін оқушы диаграмма түрінде өзінің білім деңгейін көре алады.

Оқытудың компьютерлік технологиясының оқу үрдісіндекеңінен енуі оқушылардың өзіндік және шығармашылық белсенділігін дамыта отырып, электрондық оқулық көмегімен олардың өзіндік жұмыс түрлерін орындауға баулиды. [3] Оқушы тұлғасыныңдамуына ықпал жасайтынэлектрондық оқулықпен сабақтар жүргізудің негізгі міндеттері оқушылардың базалық білім, ептілік, дағдыларын игеру жүйесін жетілдіру, оқыту үрдісінде теориялық және өнімділік ой құрастыру әрекеттері арқылы танымдық қабілеттерін белсендіру, танымдық қызығулары арқылы оқуға деген мотивациясын дамыту, оқу материалын игеруде және оқу іс–әрекеттерінде жете ұғынуға талпындыру, өзіндік жұмыстарының ізденісті–зерттеу түрлерін ұйымдастыру, оқу үрдісінде компьютерлік технологияларды қолдану, әр түрлі шапшаңдықпен және әр түрлі көлемді оқу материалын игерудің мүмкіншілігін ашу. [4]

Осы міндеттер негізінде білім беру жүйесіндеоқушылардың қабілеттерінің жан–жақты дамуына ынталандыруды көздеген әр түрлі әдіс–тәсілдерінің кең қолданылуы диалог–сабақтар, есеп талдау, әр түрлі тәсілмен шығару, кері есеп құрастыру, есепті тексеру, іскерлік ойын сабақтары, т.б балалардың эмоционалды–сезімділік және абстрактілі, қисынды ой құрастыруын дамытуға ықпал етілуі, танымдық қызығуын арттырып және білім алу нәтижелерін жүйелі талдаудан өткізіп бағалау, өздерінің жетістіктерін өздеріне талдатып, өзіндік бағалау әрекеттерінің ұйымдастырылуы сияқты ерекшеліктері де бар. Электрондық оқулықбұл күнделікті дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны сабақта қолдану оқушыныңшығармашылықпен жұмыс жасауына, белсенділігін арттыруына мол мүмкіндік береді. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сайталап етілуде. Оқу процесінде оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологияларын тиімді пайдаланужәне қолдану айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсам, оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр. Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар мен тарау бойынша тест жұмыстарын орындап, анимациялық практика тапсырмаларымен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әринемұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп есептеймін. Міне, ақпараттық–коммуникациялық технология аясында тәжірибемдеоқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. [5] Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа ақпараттарды жеткізуге, сондай–ақ игерілген білім мен біліктерді тестік бақылауға арналған бағдарламалық құрал. Білім – болашақ бағдары, басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс–әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс.

Ақпараттық құзіреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан–жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзіреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан–жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелер. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде

өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа. Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтерінееркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру. Ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерінпайдалану барысындашәкірттерімнің ақпараттық құзырлылығы қалыптасқан тұлға болуы қажет деп санаймын. Иә, тәжірибеде білім беру сапасын жақсартудың бірден–бір жолы – жаңа педагогикалық технологияларды қолдану екеніне көзім анық жетті. Мұғалім оқушының табиғи дарындығын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалану керек. Бір сабақтың барысында бірнеше технологияны кезекпен, тиімді, оқушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Өзімнің тәжірибеде жаңа педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс – әрекеттер жиынтығы деп түсінемін. Математика сабағында сын тұрғыдан әр түрлі стратегияларды, жаңа ақпараттық технологияларды, қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу, шапшаңдылық, шеберлік дағдыларын ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамытуды назарда ұстанамын.

Жаңартылған білім беру шеңберінде білімді жеке тұлғаға бағыттау арқылы өзін–өзі таныған, ақыл–ойын жан–жақты дамытқан өзіндік «Мендік» пікірі қалыптасқан оқушы тәрбиелеу мұғалімдер алдына тың міндеттер жүктейді. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Біліктілік пен шеберлігімізді ұштастырып, жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани биікке көтеру біздердің міндетіміз. Мәселен, математика сабағында оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру – шығармашылық, теориялық және практикалық компоненттерден тұрады. Білім сатылары бойыншаәр пәннен күтілетін нәтижелер үш түрлі құзыреттілік бойынша сараланады [6].

Яғни, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру олардыңөз шешімінің нәтижесін бағалауға, өз ісіне мақсат қоюға, оны іске асыру үшінқажетті жағдайларды анықтауға, ондағы жетістіктерге жету процесін жоспарлауға, өзіндік бағалау менқорытынды жасауға, технологияларды нақты қабылдауға мүмкіндік туғызады. Біздің заманымыз ғылым мен техниканың ғарыштап дамыған кезеңі, біз ұстаздар сол заманмен бірдей қадам басуға міндеттіміз, себебі біз бала тағдырына жауаптымыз. Сондықтан оқушылардың математикалық құзыреттілігін қалыптастыру үшін сабақтың әр тарауы, әр тақырыбы бойынша «білу – түсіну – қолдану – тұжырымдау» деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жасауды күшейту, практикалық мазмұнды есептерді, әртүрлі форматтағы тест тапсырмаларын, стандартты емес жағдайларда білімді қолдануға арналғанқызықты есептер шығартуды назарда ұстағанымыз жөн. Осы орайда өзімнің тәжірибеде сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан – жаңаны табатын өнер деген ой түйіп жүрмін. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие менсапалы білім беру ісінжаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерінүнемі жетілдіріпөту басты парызым деп санаймын. Қазіргі заман мұғалімі заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне қатар еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгергенде ғана білігі мен білімі жоғары, жетекші тұлға ретінде болатыны сөзсіз. Осы тұрғыдаматематика сабағында ақпараттық технологияны үнемі пайдалану нәтижесінде шәкірттерім интернет желісіндегі тесттерге қатысып жүлделі орындарды иеленіп жүр (Сурет–1). Бүгінгі күніөзімнің күнделікті тәжірибеде әр сабақта құзыреттілікті үнемі кірістіру нәтижесінде жақсы үлгірімге қол жеткізу, оқушының қабілетін анықтаужәне одан әрі жетілдіру, әрбір оқушыны өздігінен білім алуға ынталандыру мұғалімге оңтайлы тәжірибе деген тұжырымға келдім. Ақпараттық оқыту технологиясын пайдаланып өткізілген сабақ нәтижелі болу үшін жеке тұлғаның ерекшеліктеріне, психологиялық даму ерекшеліктеріне, пән бойынша білімді игеру деңгейіне көңіл бөліп отырамын. Тәжірибеде ақпараттық технологияны тиімді пайдалану білім сапасының артуына әкеледі, оқушылардыңлогикалық ойлау қабілеттерін дамытып, интернет желісінен сабаққа қажетті деректерді өз бетімен іздеуіне, компьютерлік сауаттылықтарына жол ашады.



Сурет 1. 11 сынып алгебра Сан логарифмі және оның қасиеттері, ашық сабақтан

Өз сабақтарымда бейнероликтерді қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан шәкірттеріме жаңа материалды иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар, т.с.с. көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімгеосы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Математика сабағында бейне–сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Оқушылардың ақпаратты теледидар, компьютер және т.б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтынын жақсы білеміз.

Нәтижесінде жаңа ақпараттық технологияны математика сабақтарында пайдалана отырып, шәкірттерімнің білім, білік дағдыларын қалыптастыруға қызығушылығын арттырып, түрлі деңгейдегі есептерді шығарып, оны талдай білуге үйреттім. Математика сабағында оқытудың әр түрлі белсенді әдіс–тәсілдерін қолдануға болады және қолданып та жүрміз. Бірақ, соның ішінде мен өте жиі қолданатыным «Сұрақты тап» әдісі. Бұл әдіс оқушылардың логикалық терең ойлауларын, есептің әртүрлі альтернативті шешімдерін табуы қажет етеді. «Топтастыру», «Артығын тап» әдісі оқушылардың абстрақтылы ойлау қабілеттерін жетілдіреді. «Қос жазба күнделігі» әдіс–тәсілі оқушылардың есеп шығару қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай, математикаға қызығушылықтарын арттырады, оқушыларды диалогтық қарым–қатынасқа түсіреді, сөйлеу дағдыларын дамытады. Жаңа технологиялардың басты міндеті – оқушының оқу – танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету болып табылса, педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып есептеледі. Сөзімді қорытындылай келе, ақпараттық коммуникациялық технологияны қолданудан күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, математика пәнін басқа пәндермен байланыстыра алатын жеке тұлға қалыптастыру деген пікірге келдім. Ендеше, Жаңа Қазақстан ұрпағын тәрбиелеуде, заман ағымына ілесіп шығармашыл етіп тәрбиелеуде күш–жігерімізді аямайық дегім келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ы. Алтынсарин тағылымы. Алматы 1991 ж.
2. ЫбырайАлтынсарин мұрасындағы педагогикалық құндылықтар Слесарь М.В. / М.В.Слесарь // «Өрлеу» хабаршысы кст. 2015 №4. 7–10 с.
3. Медведева М.Н. АКТ негізінде математикалық білім беру сапасын басқару бойынша мұғалімнің қызметін оңтайландыру // жауапты редактор. 2020. 27 с.
4. Рахимов М.М. Дидактические основы активизации учебно–познавательной деятельности обучающихся // БГЖ. 2017. №4 (21). URL <https://cyberleninka.ru/article/n/didakticheskie-osnovy-aktivizatsii-uchebno-poznavatelnoy-deyatelnosti-uchaschihsya> өтініш берген күні: 09.01.2023)
5. Муродова, Г.Б. электронды оқулықты қолдана отырып сабақ құру әдістемесінің нұсқалары / Г.Б.Муродова. Мәтін: тікелей // Жас ғалым. 2017. №16 (150). 471–473 бб. URL: <https://moluch.ru/archive/150/42358/> (өтініш берген күні: 13.01.2023)
6. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері // Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар [Электрондық ресурс]. URL: <http://www.akorda.kz>.